

УДК 342.9

А.А. Абикенов

**Мемлекеттік қызмет пәнін оқыту туралы**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

**Аннотация.** Автор мақалада «Мемлекеттік қызмет» курсына қарастырылған. Студенттер «Мемлекеттік қызмет» курсына оқу барысында мемлекеттік қызметтен туындайтын үрдістерді зерттеу маңызды. Автордың көзқарасы бойынша қазіргі кезде Қазақстанның мемлекеттік қызметі саласында қолданымдағы заңдарға және «Мемлекеттік қызмет» курсының оқу бағдарламасына мәнді өзгерістер енгізуді қажет етуді талап ететін әжептеуір өзгерістер күтілуде.

*Түйін сөздер:* мемлекеттік қызмет, оқу бағдарламасы, студенттер, әкімшілік құқық

Мемлекеттік қызмет мемлекеттің негізгі институттарының бірі болып табылады. Сондықтан да, мемлекеттік басқару теориясы мен мемлекеттік қызметтің ұйымдастырылуының құқықтық негіздерін, біздің елде оның даму тарихын, болып жатқан өзгерістерін, мемлекеттік қызметке тұру, оны өзгерту немесе тоқтатылуы, дамыған шет елдерінің тәжірибесі саласындағы теориялық көзқарастарды оқып, зерттеу тек қана зерттеушілерге ғана қажет болып қалмай, ол сонымен қатар студенттерге де пайдалы.

«Мемлекеттік қызмет» курсы «Құқықтану» мамандығына оқу жоспарымен қарастырылған таңдау пәндерінің бірі болып табылады. Аталған пәнді оқытудың мақсаты – студенттерге мемлекеттік қызметтің мәні, демократиялық және құқықтық мемлекетті орнату үрдісіндегі оның орны мен рөлі, мемлекеттік қызмет үшін халықаралық стандарттарға сай, ҚР азаматтарының жоғары деңгейде және сапалы өмір сүруін қамтамасыз етуге бағытталған кадрларды дайындауда жаңа жолдар табу туралы жүйелі білім беру болып табылады.

Аталған оқу пәнінің ішкі жүйесі «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқығы» пәнінің ішкі құрылымына сәйкес, соның шеңберінде құрастырылады. Сол себептен де оны оқытудың негізінде әкімшілік құқық ғылымымен өңделген ережелер пайдаланылады. Әкімшілік құқықта мемлекеттік қызмет маңызды құқықтық институт ретінде қарастырылады. Құқықтық институт ретінде мемлекеттік қызмет – ол мемлекеттік қызмет жүйесінің ұйымдастырылуы, мемлекеттік қызметшілердің құқықтық мәртебесі, мемлекеттік қызметке тұру, атқару және тоқтатылуы

үрдісі нәтижесінде туындайтын қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жүйесі болып табылады. Мұнда мемлекеттік қызметтің шекарасы яғни оның құқықтық қатынастар аясы, ал 1999 жылы 23 шілдеде қабылданған «Мемлекеттік қызмет туралы» ҚР заңда оның әрекет ету аясы белгіленген. Осы жерде ҚР Әкімшілік құқығы пәні шеңберінде студенттер мемлекет қызметінің жалпы мәселелерін оқығанын атап кеткен жөн. Алынған білімдердің маңызыдылығы мен қажеттілігіне қарамастан, мәселелердің қайталануына жол бермеуі үшін, аталған курс мемлекеттік басқару мен мемлекеттік қызметтің ғылыми-әдістемелік және нормативтік құқықтық негіздерін жүйелі тереңдетуге, кеңейтуге арналған.

Әрбір ғылыми пәннің өзіндік объектісі, пәні, мақсаттары мен міндеттері болады. Объект осы пән не оқытатынын көрсетеді. Мына жағдайда объект болып ерекше институт ретінде мемлекеттік қызметтің өзі табылады. Осы пәнге қатысты методологиялық бағыттарға Мемлекеттік қызметтің пайда болуы мен даму заңдылықтарын, мемлекеттік қызметтің мәні мен табиғатын, мемлекеттік қызметтің ұйымдастыру қағидаларын, мемлекеттік қызмет органдарының жүйесін, мемлекеттік қызметшілерде мемлекеттік лауазым шегінде өз құзыреттерін атқаруға байланысты туындайтын қатынастарын, мемлекеттік қызметті кадрлық қамтамасыз етуді және т.б. жатқызуға болады. Осы ретте мемлекеттік қызмет аясында туындайтын әкімшілік-құқықтық қатынастардың құрылымын екі тұрғыдан қарауға болады: ішкі түрлі деңгейдегі мемлекеттік қызметшілердің

арасындағы қатынастарды білдіреді; сыртқы мемлекеттік қызметтің қоғаммен байланысы нәтижесінде туындайтын өзара байланысты сипаттайды.

Болашақ мамандар мемлекеттік басқару мен мемлекеттік қызметтің объектісі, пәні мен мақсаты туралы қажетті білімдер мен дағдыларды иелене отырып, осы заманғы басқарушылық тәжірибесін ғылыми талдау дағдысын меңгереді. Аталған пәнді оқуда студенттер мемлекеттік қызметті мемлекеттік-биліктік сипатқа ие және заңда белгіленген тәртіппен республикалық не жергілікті бюджеттен немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің қаражатынан ақы төленетін мемлекеттік органда қызмет ететін және мемлекеттің міндеті мен функцияларын жүзеге асыру мақсатында лауазымдық құзыретті іске асыратын ҚР азаматтары жүзеге асыратын әлеуметтік қызметтің ерекше түрі болып табылатынын түсінуі қажет.

Осы не өзге де сұрақтарды түсіну үшін келесідей негізгі міндеттерді шешу көзделеді:

- студенттерде мемлекеттік қызмет институтының мәні, оның ұйымдастырылуы мен қызмет етуі, мемлекеттік кадрлық саясаттың негізгі қағидалары туралы жүйелі білім қалыптастыру;

- мемлекеттік қызметке түсу, атқару және тоқтатылуы тәртібін зерттеу;

- мемлекеттік қызметшілерді негізгі құқықтары мен бостандықтарымен, қолданымдағы шектеулермен, сонымен қатар заңды жауаптылықтың түрлерімен таныстыру;

- мемлекеттік қызметтің міндеттерін шешу үшін тәжірибелік дағдыларға үйрету;

- шетелдік мемлекеттік қызмет тәжірибесін ұйымдастырылу мен қызмет етуі туралы мәлімдеу;

- ҚР Конституциясы мен Қазақстанның 2030 жылға дейін даму Стратегиясы тұрғысынан мемлекеттік басқаруды және мемлекеттік қызметтің ұйымдастырылуын жетілдірудің негізгі бағыттарын түсіну.

Сонымен «Мемлекеттік қызмет» курсы Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызметтің ұйымдастырылуы мен қызмет етуінің ұйымдастырушылық-құқықтық негіздерін, оның мақсатын, міндеттері мен функцияларын, мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік қызметшілер институтының тиімді қызметінің критерийлерін, мемлекеттік қызметтің қоғаммен өзара байланысының нысандары мен қағидаларын оқытатын пән ретінде анықтауға болады.

«Мемлекеттік қызмет» курсы оу шартты түрде екі өзарабайланысты бөліктерге бөлінген, ол материалдарды игеруге көмектеседі. Аталған курс шеңберінде мемлекеттік қызметтің ерекше және арнайы түрлерінің қызмет етуімен байланысты сұрақтар қарастырылмайды. Себебі оны студенттер мына оқу пәндерінде: «ҚР Құқық қорғау органдары», «ҚР Кеден ісі», «Прокурорлық қадағалау» және т.б. оқытылады.

«Мемлекеттік қызмет» курсы оқу барысында танымдық әдістер қолданылады. Аталған жағдайда әдіс келесі мағынада пайдаланады: мемлекеттік-құқықтық тіршіліктің зерттелетін құбылыстарына тәсілдері, жолдары, оларды объективтік зерттеу мен сипаттау амалдары.

Мемлекеттік басқару мен мемлекеттік қызмет саласында туындайтын үрдістерді талдау көптеген ғылыми әдістерді қолдануды талап етеді. Олардың жиынтығы зерттеудің әдістемесін құрайды. Студенттер «Мемлекеттік қызмет» курсы оқу барысында мемлекеттік қызметтен туындайтын үрдістерді зерттеудің маңызды әдістерін қысқаша қарастырып өтейік.

Мемлекеттік қызметті оқу әдістемесінің негізінде философия жатыр. Ол мемлекеттік қызметті мән мен құбылыс сияқты, саны мен сапасы, нысаны мен мазмұны, абстрактілі және нақтылы, объективтік және субъективтік және басқа да категориялар арқылы зерттеуге жәрдемдеседі.

Мемлекеттік қызметтің қызмет етуін оқып, зерттеуде танудың диалектикалық-материалистік әдісі қолданылады. Тану әдісіне орай мемлекеттік қызмет дамып келе жатқан құбылыс ретінде қарастырылады. Мұның негізінде қоғамда және мемлекеттік қызметте пайда болған қарама-қайшылықтар жатыр. Бұл жерде, әңгіме, қоғам мен жекелеген азаматтардың және мемлекеттік қызмет институтының арасында туындайтын қарама-қайшылықтар жайлы болып отыр. Бұл қайшылықтарды шешу жүйелі түрде мемлекеттік қызмет институтының үнемі жетіліп тұруына қажеттілікті негіздейді.

Пәнді оқыту барысында зерттеу объектісін ашып көрсететін жүйелілік тәсілі қолданылады. Ол мемлекеттік қызметті өзінің мақсаты, міндеті, функциялары бар жүйе ретінде қарастыруды талап етеді. Мұндай жүйелілік тәсілі студенттерде мемлекеттік қызмет саласында бар және туындайтын көптеген элементер мен қатынастар туралы жинақталған көзқарастарды қалыптастырады.

Тарихи әдісті қолдану Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызметтің қалыптасуы

мен дамуының негізгі кезеңдерін анықтауға мүмкіншілік береді. Салыстырмалы әдісті қолдану студенттерде мемлекеттік қызметтің қызмет ету қазақстандық және шетелдік тәжірибе тұрғысынан, оның позитивтік және негативтік жақтарын қарастыра отырып, қазақстандық қоғамның мәдениетін, дәстүрін, ерекшеліктерін ескере отырып талдау қабілетін қалыптастырады.

Аталған пәнді оқу барысында тыңдаушылар мемлекеттік қызметтің мәселелері бойынша әкімшілік-құқықтық ғылымда және мемлекеттік басқару теориясында қалыптасқан түрлі ғылыми бағыттар мен көзқарастарды білуі тиіс. Ғылымның кез келген ішкі жүйесі мен сәйкес оқу пәні сәйкес құқық саласының ішкі жүйесін ескере отырып құрылады. Бұл құқықтық институттар мен құқық саласының ішіндегі нормаларға ғылымдағы және пәндегі тақырыптар мен тараулардың сәйкес екендігін көрсетеді. Ғылымның жүйесі мен оқу пәнінің бірі-бірінен өзгешелігі болуы керек, олар бірдей болмайды және болмауы қажет. Ғылым ретіндегі мемлекеттік қызмет институтының оқу пәні ретіндегі мемлекеттік қызмет институтының негізгі ерекшелігі мынада: Ғылымда дәлелденгендерден басқа, әлі дәлелденбеген гипотезалар, көзқарастар, пайымдаулар, бағалаулар, ұсыныстар және т.б. орын алады. Олардың көбі мемлекеттік қызметтің шынайы тәжірибесінен алыс болуы мүмкін не мүлдем қате болуы мүмкін. Әрине оқу үрдісінде олар тек аталып қана кетуі мүмкін. Онымен қоса, біздің ойымызша заңның реттелуінен және құқық қолданушылық тәжірибеден тыс қалып қалған ескі не қате ережелер орын алмауы керек.

«Мемлекеттік қызмет» пәнін оқыту үшін тиісті әдебиеттер мен нормативтік-құқықтық

актілерді оқып, зерттеу қажет. Соңғы уақыттарда мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша қазақстандық заң ғылымында ондаған монографиялар, оқулықтар және оқу құралдары, жүздеген ғылыми мақалалар жарық көрген. Мемлекеттік қызмет оны құқықтық институт ретінде құрайтын, құқық нормаларымен реттеледі. Ол ҚР Конституциясынан, 1999 жылғы 23 шілдедегі «Мемлекеттік қызмет туралы» ҚР заңынан, мемлекеттік қызметке тұру, атқару, тоқтатылу шарттары мен тәртібін, ынталандыру мен жауаптылық шараларын, мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік және құқықтық қорғалуын және мемлекеттік қызметтің басқа да мәселелерін анықтайтын өзге де нормативтік-құқықтық актілерден тұрады. Осы салдағы негізгі заң болып табылатын 1999 жылғы 23 шілдедегі «Мемлекеттік қызмет туралы» ҚР заңы жекелеген мемлекеттік органдарда мемлекеттік қызметтің ерекшеліктерін анықтап бере алмай отырғандығын атап кеткен жөн. Сондықтан оның тек қолданылуына мән бермеу керек. Арнайы мемлекеттік органдарда мемлекеттік қызметтің реттелу ерекшеліктері өзге де заң актілерімен белгіленеді. Мысалы, 2011 жылы 6 қаңтарда қабылданған «Құқық қорғау қызметі туралы» ҚР № 380-IV Заңын айтсақ болады.

2011 жылы 21 шілдеде Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығымен «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметінің жаңа моделі тұжырымдамасының» қабылдануына байланысты қазіргі кезде Қазақстанның мемлекеттік қызметі саласында қолданымдағы заңдарға және «Мемлекеттік қызмет» курсының оқу бағдарламасына мәнді өзгерістер енгізуді қажет етуді талап ететін әжептеуір өзгерістер күтілуде.

**А.А. Абикенов**

#### **Об обучении дисциплины государственная служба**

В статье рассматриваются особенности преподавания курса «Государственная служба» для студентов юридических факультетов и вузов. Изучение теоретических представлений в области теории государственного управления и правовых основ организации государственной службы, истории его развития в нашей стране, динамики происходящих изменений, особенностей поступления, прохождения и прекращения государственной службы, опыта развитых зарубежных стран - все это, по мнению автора статьи, необходимо не только для исследователей, но и для широкой студенческой молодежи.

**A.A. Abikenov**

#### **About educating of discipline there is government service**

This article discusses features of teaching the course "Public service" for law students and universities. The study of theoretical concepts in the theory of public administration and legal foundations of public service organizations, the history of its development in our country, the dynamics of change, the characteristics of receipt, transmission and termination of public service, the experience of developed foreign countries - all of this article the author believes it is necessary not only for researchers, but also for the general students.